

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Подборный ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 5 шілдедегі № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 шілдеде № 28768 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха ауданы Подборный ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Бородулиха ауданы Подборный ауылдық округі әкімінің 15.12.2022 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2022 жылғы 27 маусымдағы № 466 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Абай облысы Бородулиха ауданы Подборный ауылдық округінің Камышенка ауылы, Михайловка ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

округ әкімі

А. Шалгумбаев